

Тапсырма. Берілген мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіз.

**А.**

1. Мұздықтар қандай жағдайда қалыптасады?
2. Мұздықтар қандай түрлерге бөлінеді? Не себептен?
3. Таулардағы және құрлықтағы мұздықтарда айырмашылық бар ма?
4. Айсберг қалай пайда болады?
5. Мұздықтардың маңызды неде?

**В.** Мәтіндегі кездесетін географиялық нысандарды картадан тауып алыңыз.

Мұздықтарды кейде мұзарттар деп те атайды. Олар – жер бетіндегі мұздардың табиғи жиынтығы. Мұздықтар қатты атмосфералық жауын-шашынның жыл бойы түскен жалпы мөлшерінің оның еріген және ауаға буланған үлесінен артық болған жерде пайда болады. Әдетте, тау беткейлерінің қар жиегінен жоғары жатқан бөлігінде шоғырланады. Климатқа, жер бедеріне, қорлану және ағын жайларына байланысты мұздықтар екі типке бөлінеді: таулы (альпілік) және материкті (жабынды). Жабынды мұздықтар жер бетіндегі мұздықтар көлемінің 98 пайызын құрайды.

#### Таулы (альпілік) мұздықтар

Морфологиялық жағынан таулы мұздықтары мынандай мұздыңтарға ерекшеленеді:

1. аспа мұздық — тік тау беткейлеріндегі онша терең емес ойыстарда орналасады;
2. кар мұздықтары — карларда орналасады. Қар басындағы, қар жиегінен жоғарыда жинақталған қар нығыздала келе, біртіндеп тау мұздығына айналады.
3. аңғар мұздық — аңғарларда орналасады, олардың ішінде жабайы, тармақ (дендриттік) мұздықтар болады;
4. жаңарған мұздың — аспа не аңғарлық мұздықтардың құлауынан жаңарып тұратын мұздыңтар;

Қазақстандағы биік тау өңірлеріндегі мұздықтардың жалпы саны 2700-ден асады. Ал жалпы ауданы – 2033,0 кв.км.

Қазақстанның территориясында таралған мұздықтар: Корженевский, Берг мұздықтары. *Корженевский мұздығы.* Еліміздің ең ірі әрі көлемді мұздыққа Корженевский мұздығы жатады. Ол Іле Алатауындағы Есік өзені алабында жатыр. Оның ұзындығы – 11,7 км, жалпы ауданы – 38,0 кв.км, көлемі – 6,3 куб км.

*Берг мұздығы.* Берг мұздығы Жетісу (Жоңғар) Алатауының оңтүстік-батысында 4247 м биіктікте орналасқан. Мұздықтың жалпы ауданы – 14,4 кв.км, орташа қалыңдығы – 80 м, көлемі – 1,5 куб км. Мұздықтан Лепсі өзеніне келіп құятын Балақора өзені бастау алады.

#### **Материкті (жабынды) мұздықтар**

Материкті мұздықтар бүтін аралдарды, құрлықты бүркейді. Олардың сипаттамалары:

1. өте қалың Антарктидада мұз күмбезінің қалыңдығы 4 км, Гренландияда 3,5 км);
2. мұз жабудан бұрынғы кене жер бедеріне өсер тигізбейді;
3. мұзы жан-жағына радиалды жылжиды,
4. мұз қабатының беті орта тұсына қарай қалқан тәрізді дөнес бітеді.

Антарктида, Гренландия және Арктиканың біраз аралдарын жабынды мұздықтар алып жатыр. Мысалы, Гренландиядағы жабынды мұздықтың қалыңдығы 2000 м-ге дейін барады. Мұндай мұздықтардың пішіні қалқан және күмбез тәрізді болып келеді.

Антарктиданың жағалау бөліктерінен өздерінің орасан зор салмағының әсерінен алып мұз кесектері бөлініп, теңізде жүзіп жүретін мұзтауларға, яғни айсбергтерге айналады. Олардың ұзындығы кейде 300 км –ден асады. Айсбергтің биіктігі 600-700 м-ге жетеді, көлемінің 90 пайызға жуығы, әдетте су астында болады. Онымен кемеңің соқтығысуы өте қауіпті. Тау мұздықтарының көлемі әлдеқайда кіші, олар өздері бойлай түскен аңғар пішіндес болады.

Мұздықтардың маңызды. Жер бетіндегі тұщы судың 97 пайызға жуығы мұздықтар мен мәңгі қарларда шоғырланған. Кейбір тау өзендері басын мұздықтардан алады.

Қуаңшылық аудандарды суландыратын ірілі –ұсақты өзендердің сулары жазда жер суаруға қажет уақытта молығады. Ол биік тау басындағы мұздық пен мәңгі қардың еруіне байланысты.

Дереккөздер

1. Русско-казахский толковый географический словарь. Под общей редакцией академика АН КазССР, проф. С. К. Кенесбаева и кандидата филол. наук А. А. Абдрахманова. Алма-Ата, Изд-во «Наука», 1966, стр. 204. (Академия наук Казахской ССР. Институт языкознания. Сектор физической географии). Составители: Ж. Аубакиров, С. Абдрахманов, К. Базарбаев.
2. <http://mydocx.ru/9-37807.html>
3. Н. Сейітов, А. Абдулин. Геология терминдерінің сөздігі. — Алматы: Қазақстан 1996, 368 бет. ISBN 5-615-01738-4
4. <https://baribar.kz/student/7147/muzdyqtar-zhane-olardynh-manhyzy/>